


«КЕЛІСЕЛІДІ»

Мәртөк аудандық білім бөлімінің
басшысы: Н. Ашимов

«09» 09 2021 жыл



**ЖШС «Мансур 2016»
«Қаусар» балабақшасының
2021 - 2022 оқу жылына арналған оқу жоспары**

Түсінік хат

«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасының 2021 – 2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 жыл №604 бұйрығымен (05.05.2020 жыл №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 20.12.2012 ж № 557 бұйрығы (12.05.2020 ж №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 1,2 – қосымшалары, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасында 2 аралас топ бар.

Кіші топ 2 жастан бастап

Ортаңғы топ 3 жастан бастап

Ересек топ 4 жастан бастап

Сиымдылығы 35 орындық. Жалпы бала саны – 35. Оқу – тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бес саланы қамтиды: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет». Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар.
- апталық циклограмма
- балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жоспарына вариативтік компонентке төмендегі бағдарламалар енгізілді:

Ортаңғы «Жұлдыз» тобына «Көңілді көздер» бағдарламасы алынды. Көлемі 1 сағат. Бағдарлама балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында құрылған. Балаларға театр қойылымдарын тез ұғынуға бағытталған. Балалар ойнай отырып қоршаған ортаны таниды. Театралды ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады.

Ересек «Жұлдыз» тобына «Қызықты логика әлемі» бағдарламасы алынды. Бағдарлама балалардың айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту мақсатында құрылған. Көлемі 1 сағат. Сонымен қатар «Бәрін білгім келеді» бағдарламасы алынды. Мақсат балалардың ынта – ықыласын қалыптастыратын іс-әрекет түрлерін дамыту болып табылады. Өміріндегі бастапқы түсініктерді қалыптастыру балалардың жалпы ақыл – ой дамуының, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Вариативтік компонентке алынған бағдарламалар 30.08.2021 жылғы № 1 хаттамасына сәйкес педагогикалық кеңес отырысында ұсынылып, аудандық білім бөлімі жанындағы сараптау комиссиясының 30.08. 2021 ж, № 1 бұйрығымен бекітілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 жастан бастап 1 – сыныпқа
қабылдауға дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру саласы ұйымдастырған оқу қызметі	Жас тобы		
		Кіші топ	Орта топ	Ересек топ
1.	«Денсаулық»	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3
2.	«Қатынас»	1	2	2,5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	1
	Орыс тілі	-	0,5	0,5
3.	«Таным»	2	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	1	1
	Сенсорика	0,5	-	-
	Құрастыру	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1	1
4.	«Шығармашылық»	3	3	3,5
	Сурет	1	1	1
	Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5
	Жапсыру	0,25	0,25	0,5
	Музыка	1,5	1,5	1,5
5.	«Әлеумет»	-	0,5	0,5
	Қоршаған ортамен танысу	-	0,5	0,5
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	10-15 минут	15-20 минут	20-25 минут
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	9	11	12
6.	Вариативтік компонент «Көңілді көздер» «Қызықты логика әлемі» «Бәрін білгім келеді»	-	1	1 1
7.	Барлығы	9	12	14